

Астана қаласы әкімдігінің
«Илияс Есенберлин атындағы
№ 67 гимназия» шаруашылық
жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық
кәсіпорны

Государственное
коммунальное предприятие на
праве хозяйственного ведения
"Гимназия №67 имени Ильяса
Есенберлина" г.Астана

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

«10» 02 2025 жыл № 76
Астана қаласы

город Астана

Ақша жинауға тыйым салу туралы

«Астана қаласының Білім басқармасы» ММ-нің Заңсыз ақша жинауға тыйым салу туралы 2025 жылғы 7 ақпандағы № 243 бұйрығын орындау мақсатында және Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының 9-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Сынып жетекшілеріне, пән мұғалімдеріне, оқу орынбасарларына, тәрбие орынбасарларына, шаруашылық орынбасарына, ата-аналар комитеттеріне және де барлық қызметкерлерге:

1) ҚР Тәуелсіздік күні мен Жаңа жыл мерекелер қарсаңында Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының 9-бабы қатаң сақталсын;

2) Ата-аналардан (заңды өкілдерден) мыналар: жөндеу жүргізуге, құрал-жабдықтар мен жиһаздарды сатып алуға, мектепті жинауға, педагогикалық ұжымға сыйлықтар беруге, білім беру ұйымдарын аттестациялауға, әртүрлі мерекелік іс-шараларға және басқа да мақсаттарға ақшаны жинауға үзілді-кесілді тыйым салынсын;

3) педагогикалық ұжым және ата-аналар комитетінің мүшелері арасында мектептің, сыныптың, мерекелік іс-шаралардың қажеттіліктері үшін заңсыз ақша жинау мәселесі бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін;

4) заңсыз ақша жинауға жол берген директор орынбасарларына, есепшілеріне, сынып жетекшілеріне, мұғалімдеріне, әдіскерлеріне, тәрбиешілеріне шара қолдансын.

**2. ОСЫ БҰЙРЫҚ ОРЫНДАЛМАҒАН ЖАҒДАЙДА
ЛАУАЗЫМЫНАН БОСАТУҒА ДЕЙІН ҚАТАҢ ТӘРТІПТІК ШАРАЛАР
ҚОЛДАНЫЛСЫН.**

3. Осы бұйрықтың орындалуын өзіме қалдырамын.

Директордың м.а.



Г.Б. Онолбаева